

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін оған "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қосу арқылы қайта құру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 146 қаулысы

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18, 130, 164-баптарына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 Жарлығына сәйкес, "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданын басқару кестесі туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихаты сессиясының 2020 жылғы 20 ақпандағы №1 шешімі негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі оған "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қосу арқылы қайта құрылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Бекітілсін:

осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі арасындағы табыстаушы акт.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді камтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарларына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Аққайың ауданының әкімі

Р. Елубаев

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

әкімдігінің 2024 жылғы

"10" шілде №146

қаулысымен бекітілді

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

Смирново ауылы 2024

1. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және ветеринария саласында жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ведомствалары жоқ.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы (одан әрі - Құрылтайшы) болып табылады, оның орналасқан мекенжайы: пошталық индексі 150300, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Смирново ауылы, Народная көшесі, 37.

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тиісті саласының уәкілетті органы жоқ.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдары мен Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкімет және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге, сонымен қатар Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы коммуналдық мемлекеттік мекеме ретінде заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде өзінің атауымен мөрі мен мөртабаны, белгіленген үлгіде бланкілері және Қазынашылық органында шоттары бар.

6. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жеке өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға ене алады.

7. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қарым-қатынасы тарапын жүргізуге құқығы бар, егер де ол заңнамаға сәйкес өкілетті болса.

8. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штаттық санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 150300, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Смирново ауылы, Народная көшесі, 37,

11. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение "Отдел предпринимательства, сельского хозяйства и ветеринарии акимата Аккайынского района Северо-Казахстанской области".

12. Осы Ереже "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

14. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен келісімді қарым-қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Егер де "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне табыс әкелуді жүзеге асыратын заңнамалық актілермен құқық берілсе, онда осындай қызметтен түскен табыс мемлекеттік бюджетінің кірісіне бағытталады.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы - Аққайың ауданында жер шаруашылығы және мал шаруашылығында мемлекеттік аграрлық саясатты жүзеге асыру, аудан аумағында кәсіпкерлік қызметін дамытуға және инвестициялық қолайлыққа жағдай жасау, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ветеринария саласында мемлекеттік саясатты дамытуға және жетілдіруге ықпал ету.

16. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы салаларының бәсекеге қабілетті өнімді шығаруға, оның сапасын арттыруға, ауыл шаруашылығы салаларының өндірісі шығынын төмендетуге ықпал ету ;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы саласына инвестицияларды ендіруге және жаңа технологияларды пайдалануға ықпал ету;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндірісті диверсификациялау мәселелерін шешуді болжамдайтын салауатты бәсекелестікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "ІҚМ етінің экспортты әлеуетін дамыту" жобасын жүзеге асыру аясында жоспарлы тапсырмаларын орындауға ықпал ету;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу бойынша бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастыру;

6) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау;

7) аймақтарда мемлекеттік бағдарламаларды орындау және жүзеге асыруға жауапкершілікке ие болу және қамтамасыз ету;

8) шағын кәсіпкерлікті қолдауға аймақтық бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

9) аймақта инновациялық қызметі мен шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылым объектілерін құруды және дамытуды қамтамасыз ету;

10) жергілікті атқарушы органдарының жеке кәсіпкерлік субъектілерімен және нарықтық инфрақұрылымдары объектілерімен өзара қарым-қатынасын дамыту стратегиясын анықтау;

11) сараптау кеңесінің қызметін ұйымдастыру;

12) жеке кәсіпкерлікті жергілікті деңгейде мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

13) өз құзыреті шегінде әлеуметтік маңызды азық-түліктердің бөлшектік бағалардың мөлшеріне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау, даярлау және оқытуды ұйымдастыру;

15) жануарларды аурулардан сақтау;

16) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларын, бағыттаушы мәселелер бойынша облыс және аудан әкімінің және әкімдігінің актілерін орындалуын қамтамасыз ету, оларды орындау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

17) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның қызметін қаржылық-шаруашылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

18) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу рәсімдерін орындау.

17. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес агроқұрылымдарға және кәсіпорындарға ауыл шаруашылық өнімді қайта өңдеуге, экономикалық бизнес-жоспарды және мемлекеттік несиелеу бағдарламалар арқылы несиелеуді ұйымдастыруға ықпал ету;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аграрлық секторда, қайта өңдеу және ауыл шаруашылық өнімді жүзеге асыру саласында, сонымен қатар агросервисті ендіруге, нарықтық құрылымның және бәсекелестікті құруға және дамытуға ықпал ету;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылық өндіріске және қайта өңдеуге жаңа техниканы және дамыған технологияларды енгізуге ықпал ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылық өндірісті техникалық қайта жабдықтауға ықпал ету;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы саласында жергілікті және шетел жетістіктерін зерттеу және насихаттау;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауданның агроөнеркәсіп кешенінде инвестициялық саясатты жүргізу;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын, ауылдың әлеуметтік саладағы инвестициялық саясатты әзірлеуге қатысу;

8) барлық субсидиялау бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша іс-шараларды іске асыру;

9) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы мәлімет жинауды іске асыру;

10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дүлей апаттардан және басқа төтенше жағдайлардағы салдарды жоюға ықпал ету;

11) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауданның барлық тауар өндірушілердің дамуы үшін ауыл шаруашылық нарығын және қажетті экономикалық жағдайларын және құқықтық қамсыздандыруды реттеу тетігін құруға ықпал ету;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес экономикалық және статистикалық мәліметті жинау және талдау, тұтынушылық сұранысты, нарықтардың өткізу (маркетингтік зерттеулер) жағдайын талдау, тұтынушылардың және ауыл шаруашылық өнім өндірушілердің байланыстарын орнатуға ықпал ету, экспорт бойынша дайындыққа қатысу;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауданның аграрлық секторының өндірістік қызметін талдау;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымның дамуына ықпал ету;

15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаржыларды тарту, ауылды елді-мекеннің кәсіпкерлік қызметтің белсенділігін арттыру, шығарылатын ауыл шаруашылық өнімнің ассортиментін кеңейту және сапасын арттыру бойынша іс-шаралар кешені;

16) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылық өндірістің кадрлық қамтамасыз етілуін жақсарту бойынша шаралар кешені;

17) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету;

18) әкімінің кәсіпкерлермен кездесулерді ұйымдастыру және өткізу;

19) шағын бизнес мәселелері бойынша кеңестер, отырыстар, семинарлар, "дөңгелек үстелдер" және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға және мен өткізуге қатысу;

20) шағын бизнесті дамыту мониторингін жүргізу (шағын кәсіпкерлік объектілер саны, жұмыспен қамтылғандар саны, өндірілген өнімдер көлемі, салықтық төлемдер);

21) "Шағын бизнес саласындағы жылдың Үздік кәсіпкері" аудандық конкурсын өткізуді ұйымдастыру;

22) кәсіпкерлердің хаттарын, шағымдарын, ұсыныстарын, жеке өтініштерін белгіленген тәртіппен қарау;

23) қызмет көрсету мен сауда саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

24) әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерге баға мониторингін іске асыру, мемлекеттік органның, кәсіпорындар мен ұйымдардың меншік түріне қарамастан аса маңызды тауарларға бағаны тұрақтандыру бойынша қызметін үйлестіру, инфляция деңгейін зерделеу және төмендету;

25) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша хаттамалар жасауға құқығы бар;

26) елді мекеннің жерлерінде жануарлардың мал жаю орындарын айқындау;

27) елді мекендердің аумақтарын санитариялық тазалауды ұйымдастыру;

28) тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынысы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау;

29) тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынысы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық пункттерді қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз ету.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қызметтік хат алмасуды жүргізу ;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауданның атқарушы органдарынан, ауылдық округ әкімдерінен қажетті құжаттарды, ақпаратты сұрау және алу;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер шешіміне ауданның атқарушы органдарының, ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерлерін қатысуға тарту;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аудан әкімдігінің және мәслихаттың, аудандық алқа, аумақтық және басқа атқарушы органдарының отырыстарына қатысу;

5) "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы бола алмайды және құрмайды.

6) "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

7) "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің құрылу мақсатына жауап бермейтін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

19. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшылығы "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапкершілік жүктелген және өз функцияларын іске асыратын басшымен жүзеге асырылады.

20. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымына тағайындалады және лауазымынан босатылады.

21. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін бастапқылық қағидада әрекет етеді және оның құзырына сәйкес қызметі мәселелерін өздігінен шешеді.

22. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін жүзеге асырған кезде "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен:

коммуналдық мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды;

барлық ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін ұсынады; заңнамада белгіленген жағдайларда және шегінде, мүлікке басшылық етеді;

келісім-шарттар жасайды;

сенімхаттар береді;

банктік шоттар ашады;

барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулықтар береді;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін, өкілетті органмен тағайындалғандардан басқасы, жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар белгілейді;

коммуналдық мемлекеттік мекемедегі қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шегін анықтайды;

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген негізгі Ережелердің сақталуын қамтамасыз ету.

23. Басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің функционалдық міндеттері мен өкілеттікті анықтайды.

24. Басшы еркектер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік кепілдігі туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша шаралар қабылдайды, "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде заңнаманың сақталуына дербес жауапкершілік тартады.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

25. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі, оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге көзделмесе, "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

28. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

29. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкін бөлу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу

30. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі мен қарым-қатынасы

31. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен құрылтайшысы, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органы арасындағы өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады және реттеледі.

32. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады.

33. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс уақытының тәртібі "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің еңбек тәртібі Қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек нормасы заңнамаларына қайшы келмеуі тиіс.

Қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың
ауданы әкімдігінің
№ 146 2024 жылғы 10 шілде

ТАПСЫРУ АКТІСІ

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы	2024 ж. " " _____
--	-------------------

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2024 жылғы "10" шілде № 146 "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі "коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы"қаулысына сәйкес, "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" КММ ережесі негізінде әрекет ететін, "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі және "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Бөлім басшысы Әубәкіров Оралбек Ерденұлы " атынан, бұдан әрі "екінші Тарап" деп аталатын "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі негізінде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 46-бабының 2-тармағына, 47-бабына сәйкес бірінші Тарап беретіні туралы осы тапсыру актісін жасады:

1) 40.04.2024 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланс бойынша активтер мен міндеттемелер:

1. Активтер

баланстық шот	Объектінің (заттың, жинақтың) атауы)	саны	Баланстық құны	Шығарылған жылы
2350			0	
	Автомобилі	1	835668,00	2003ж
итого			835668,00	
2370				
	ҚР туы	1	14890,00	2009ж
	Елтаңба	1	48500,00	2017ж
	Белгі	2	14000,00	2017ж
	Президенттің портреті	1	2400,00	2009ж
	Жалаушаға ілу	1	17900,00	2013ж
	Противогаз	4	76000,00	2020ж
1.	Дозиметр	1	162000,00	2010ж
2.	Итого		335690,00	
2711				
	Лицензияланған бағдарламалық өнім	1	57300,00	2013ж
	Итого		57300,00	

3. Материалдық қорлар

баланстық шот	Объектінің (заттың, жинақтың) атауы)	саны	Баланстық құны	

4. Дебиторлық берешек

баланстық шот	Кредитордың атауы	қызмет атауы	сомасы (теңге)
	ЖИЫНЫ		0

6. Кредиторская задолженность

баланстық шот	Кредитордың атауы	қызмет атауы	сомасы (теңге)
	"Севказэнергосбыт" АҚ	электроэнергия	65000,00
	ЖИЫНЫ		65000,00

Бірінші Тараптың мүлкі:
Негізгі құрал-жабдықтар-1171358 теңге 00 тиын
Материалдық емес активтер -57300 теңге 00 тиын
Қорлар - 00 теңге 00 тиын
Ақшалай қаражат - 00 теңге 00 тиын
04.04.2024 ж. баланс - 20978864 теңге 61 тиын
04.04.2024 ж. пассив – 20978864 теңге 61 тиын
2) Екінші тарапқа Бірінші араптың жедел басқаруына берілетін құжаттама:
2.1. Бөлім ережесі - 20 бет;
2.2. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік-1 бет,
статистикалық карта-1 бет;
2.3. Істер номенклатурасына сәйкес құжаттар
2016,2017,2018,2019,2020,2021,2022,2023,2024 жылдар-86 іс;
Екінші тарап тараптар даулайтын міндеттемелерді қоса алғанда, барлық кредиторлар мен борышкерлерге қатысты талаптар мен міндеттемелер құқығын қоса алғанда, олардың барлық құқықтары бойынша Бірінші тараптың құқықтық мирасқоры болып табылады.

Қабылдады: "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы кәсіпкерлік бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі" Мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Смирново ауылы, 9 май көшесі, 67 БСН 080340021750 Басшы _____А.Кермуканов	Тапсырды: "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Смирново ауылы, Халық көшесі, 37 БСН 060240009992 Басшы _____О.Аубакиров
---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК